

## Темір аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2023 жылғы 11 мамырдағы № 29 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 15 мамырда № 8348 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Темір аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Темір аудандық мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) "Темір аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың Әдістемесін бекіту туралы" 2020 жылғы 30 қазандағы № 529 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7578 болып тіркелген);

2) "Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 қазандағы № 529 "Темір аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың Әдістемесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2022 жылғы 18 наурыздағы № 168.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Темір аудандық  
мәслихатының төрағасы*

*Б. Шаимов*